

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 316

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы "Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Мәжілісіне

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Тауарлардың, (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы

Үкіметінің арасындағы Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бекітуге ұсынады.

Аталған Келісімде екі ел арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау мен импорттау кезінде жанама салықтар алу мәселелерін камтиды. Мұндай Келісімнің болуы екі мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне салықтардың осы түрлері бойынша салық қатынастарының тұрақтылығына кепілдік береді және тауар алмасуды жоғарылатады және экономикалық байланысты нығайтады. Бекіту үшін ұсынылған Келісім өзара саудада " белгіленген орны" принципі бойынша (импортқа ҚҚС салынады, экспорт нольдік ставка бойынша) ҚҚС алудың халықаралық тәртібіне көшуді қарастырады, қосарланған салық салуды болдырмайды.

Бұл екі мемлекет арасындағы экспорт-импорт көлемін ұлғайту үшін тауар өндірушілерге жағдай жасайды, спорт және алкоголь өнімдерін экспорттайтын өндірушілерге бақылау жасауға мүмкіндік береді, үшінші ел арқылы сапасыз өнімдерді елге жасырын әкелуді шектейді, сондай-ақ экспортталатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) импорттаушы елде салықтық кемсітуден сақтайды.

Бұл Келісім Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы Мемлекеттердің Үкіметтері арасындағы 1992 жылғы 13 наурызда Москва қаласында қол қойылған келісілген салық саясатының принциптері туралы Келісімде қарастырылғаннан және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 23 желтоқсандағы "шыққан орны" принципі бойынша ҚҚС шегеру және алу (импорт ҚҚС-на салынбайды, ал экспорт салынады) қарастырылған Қаулысымен бекітілгеннен басқа тәртіптерді б е л г і л е й д і .

Келісімді жүзеге асыру басқа заң актілеріне өзгерістер енгізуді қажет етпейді.

Келісімді жүзеге асыру қосымша материалдық және басқа шығындарды қажет е т п е й д і .

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, сондай-ақ Келісімнің 8-бабына және "Қазақстан Республикасында халықаралық келісім-шарттарды жасау, орындау және күшін жою тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 11-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі " Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының

Үкіметі арасындағы "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау және импорттау кезінде жанама салықтар алу принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау және импорттау кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1997 жылғы 18 қыркүйекте Ташкент қаласында қол қойылған Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспорттау мен импорттау кезінде жанама салықтар алу принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Ақмола, 1998 жылғы " ____ " _____

N _____

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Тауарлардың, (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың принциптері туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі - Уағдаласушы Тараптар болып аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін бірдей мүмкіндіктер белгілеуге және адал ниетті бәсекелестік үшін жағдай туғызуға ұмтыла отырып, халықаралық сауданың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін бағытқа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Жалпы айқындаулар

Осы Келісімінің мақсатында:

- а) "жанама салықтар" термині - қосылған құнға салық пен акциздік салықты немесе алымды білдіреді;
- б) "нольдік ставка" термині - Уағдаласушы тараптардың салық туралы заңдарында белгіленген есептеу тәртібіне сәйкес ноль процент ставка бойынша қосылған құнға салық салуды білдіреді;
- в) "құзыретті орган" термині - Уағдаласушы Тараптардың Қаржы министрлігін білдіреді.

2-бап

Экспорт кезінде алудың принципі

Бір Уағдаласушы Тарап келесі Уағдаласушы Тарапқа экспортталатын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) нольдік ставкасы бойынша қосылған құнға салық салатын болады. Келесі Уағдаласушы Тарапқа экспортталатын акциздік тауарларға акциздік салықтар салынбайды.

3-бап

Импорт кезінде алудың принципі

1. Екінші Уағдаласушы Тараптың аумағынан бір Уағдаласушы Тараптың аумағына импортталған тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) импорттаушының елінде оның заңдарына сәйкес жанама салықтар салынады. Жанама салықтар салуды Уағдаласушы Тараптың - импорттаушының аумағына тауарлардың импортталуы кезінде кеден органдары жүзеге асырады.

2. Екінші Уағдаласушы Тараптың аумағынан экспортталған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) импортына салық салу кезінде Уағдаласушы Тараптар Уағдаласушы Тараптардың заңдарында белгіленген салықтардың ставкаларын қолданатын болады.

3. Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құнға арналған салық акциздік салықпен кеден бажы алынбастан Уағдаласушы Тараптардың заңдарына сәйкес

айқындалған тауарлардың кедендік құнынан алынады.

4-бап

Даулы мәселелерді шешу

1. Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Келісім ережелерінің түсіндірілуіне немесе қолданылуына қатысты келіспеушілік Уағдаласушы Тараптар құзыретті органдарының арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

2. Уағдаласушы Тараптар өз заңдарының шеберінде үшінші елдермен сауда жасау кезінде жанама салық салудың бірдей жүйесін құруға бағытталған келісілген іс-әрекеттер қабылдайды. Құзыретті органдар салық заңдарын сақтау мәселелері жөніндегі ынтымақтастық және өзара көмек саласында бұрын қол жеткізілген жағдайларды ескере отырып, осы тармақтың қолданылуының нақты тәртібін әзірлейді.

5-бап

Күшіне енуі

1. Осы келісім болжаусыз мерзімге жасалды және Уағдаласушы Тараптар оның күшіне енуі жөніндегі барлық мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарлаған күннен бастап күшіне енеді және Уағдаласушы Тараптың бірі алты ай бұрын екінші Уағдаласушы Тарапқа оның қолданылуын тоқтату туралы өзінің ниетін жазбаша білдіргенге дейін қолданатын болады.

2. Осы Келісім ол күшіне енгеннен кейін берілген тауарларға

(жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) қатысты ғана қолданылатын болады.

1997 жылғы 18 қыркүйекте әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдеріндегі, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар екі данада Ташкент қаласында жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі

мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы
Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің)
экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алудың
принциптері туралы келісімді бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

АНЫҚТАМА ПАРАҚ

1. Заң жобасының бастамашысы Қазақстан Республикасының
(органның толық атауы) Үкіметі

2. Заң жобасын әзірлеу жөніндегі құрылған жоқ
жұмыс тобының құрамы

3. Заң жобасы жөніндегі бас Халықаралық істер, қорғаныс
комитет және қауіпсіздік жөніндегі
комитет

4. Заң жобасының Қазақстан 16.04.1998 ж.
Республикасының Парламентінде
тіркелген күні

5. Заң жобасы бойынша
Қазақстан Республикасы
Парламенті тұрақты
комитеттерінің қорытындысы

6. Заң жобасы бойынша Қаржы министрлігі,
Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және
Үкіметінің, министрліктердің, реформалар жөніндегі
ведомстволардың, басқа да агенттік, Әділет министрлігі,
мемлекеттік органдар мен Сыртқы істер министрлігі

қоғамдық бірлестіктердің
қорытындысы

7. Заң жобасының ғылыми өткізілген жоқ
сараптамасы

8. Заң жобасы жөнінде Қазақстан Республикасының
баяндама жасау кімге Қаржы бірінші вице-министрі
тапсырылды Ж.Ж.Ертілесоваға

9. Балама жобалардың болуы жоқ

10. Заң жобасының Қазақстан
Республикасының Парламентіне
тапсырылған күні

11. Парламенттің заң жобасын
бірінші оқылымда қараған
күні және оның нәтижелері

12. Жобаны пысықтау және оны
екінші оқылымға әзірлеу
тапсырылған бас комитет
(комиссия), басқа орган

13. Заң жобасын халықтық ұсынылған жоқ
талқылауға ұсыну және
оның мерзімі

14. Комитеттің заң жобасы
жөніндегі қорытындысы
(екінші оқылымның
алдында)

15. Заң жобасын Парламенттің
екінші оқылымда қарауы
және оның нәтижесі

16. Заңның күшіне ену уақыты

17. Басқа да белгілер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК